

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

5. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. – М.: Изд-во МГУ, 1985. – 45 с.
6. Эльконин Д.Б. О структуре учебной деятельности./ Избранные психологические труды. – М., 1989.
7. Талызина Н.Ф., Яковлев Ю.В. Особенности формирования начальных шахматных умений при разных типах ориентировочной деятельности // В кн.: Зависимость обучения от типа ориентировочной деятельности: Сб. ст. – М.: Изд-во МГУ, 1968. – С. 42-80.
8. Ильясов И.И. Структура процесса учения. – М.: Изд-во МГУ, 2011. – 200 с.
9. Ляудис В.Я. Память в процессе развития. – М.: Изд-во МГУ, 1976. – 254 с.
10. Габай Т.В. Педагогическая психология: учебн. пособие. – М.: Изд-во МГУ, 2014– 160 с.
11. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. – М.: Высш. шк., 2012. – 204 с.

ӘОЖ 159.922

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, п.ғ.к, Ф.Н.Жумабекова,
“Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу” мамандығының
2 курс студенті Берік Шолпан Асқарбекқызы
sholpan.berik.01@mail.ru Нур-Султан, Қазақстан

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпы мәдениетті қалыптастыруға, дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және жеке қасиеттерін дамытуға, оқу әрекетінің алғы шартын қалыптастыруға, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайтуға және сақтауға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты міндеті Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 85,3 %, 3-6 жас аралығындағы балаларды 100 % қамту. Осы мақсатқа сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) және мемлекеттік стандарт (бұдан әрі – Стандарт) әзірленді.

“Стандарт ұғымы латын тілінен аударғанда (standart) “үлгі”(образец), “норма”(өлшем) деген мағынаны білдіреді. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды [1].

Үлгілік оқу бағдарламасы–стандарттың негізінде жасалған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін қамтамасыз ететін мемлекеттік нормативтік құжат. Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу. Бағдарламаның міндеттері: баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру [2].

Я.А.Коменский сынып сабақ жүесін енгізсе, ресейлік ғалымдар: оқыту әдістері және оларды жіктеу мәселесі бойынша XIX ғасырдың 20-30 жылдарында И.Я.Лернер, С.Н Скаткин, Ю.К.Бабанский, П.И.Пидкасистый, М.И. Махмутов, Б.Е.Райков, К.П.Ягодовский т.б. түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді. Н.М.Верзилин, Е.Я. Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынады. Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі - дидактикалық мақсатқа жету үшін оқушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері. Бұл саралауда әдістер оқытудың алдында тұрған міндеттермен сәйкестендірілген [3].

Қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б. еңбектерінде оқу ағарту, тағылым, тәрбие мәселелері жан-жақты қарастырған [4].

Мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесінде әдістемелік жұмыстың маңызы жоғары. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми теориялық арнайы зерттеулер жүргізген В. Андросова, Р.К. Аралбаева, Б.О. Арзанбаева, А.С. Әмірова, Б.Б. Баймұратова, С.Ғ. Бәтібаева, Ф.Н. Жұмабекова, С.Н. Жиенбаева, Ғ.З. Таубаева, Қ.М. Меңдаяқова, Г.Ж. Меңлібекова, Т.И. Иманбеков, Т.А. Левченко, А.Е. Манкеш, А.К. Меңжанова, Г.М. Метербаева, М.С. Сәтімбекова, М.Т.Тұрыскелдина секілді отандық ғалымдар бұл мәселеге баса көңіл бөлген. Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыстың даму жолына назар аударсақ, оның бірнеше кезеңдерден өткенін байқауға болады. Осындай дәлелді деректерімен мәселе көтерген Бәшен Баймұратқызы болатын. Еңбек жолын мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер мен бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім беруге арнаған Бәшен апай жігері мен ізденімпаздығының арқасында ең алғаш рет республика бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда сапалы еңбек пен саналы тәрбие беру туралы оқу құралдарын жазған әдіскер-ұстаз. Сонымен қатар Ф.Н. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика» оқу құралында оқытудың негізгі формасы – сабақ деп бере отырып, сабақ барлық балалар үшін міндетті, мұнда білім, білік, дағдыны игерумен қатар, балалар тобын құруға, онда өмір сүріп, іс-әрекетпен шұғылдануға, бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап,

адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететініне тоқталған [5].

Ал енді ұйымдастырылған оқу қызметі дегеніміз – педагог ұйымдастырған және тәжірибеде қолдануға қажетті білім, білік, дағдыларды меңгеруге бағытталған әрекеттің бір түрі. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қойылатын талаптар: жас кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы және оларды санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізу қажет. Тәрбиеленушілер мен білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы баланың денсаулығы мен психикасын қорғау мақсатында енгізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас деңгейлері үшін оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: ерте жастағы балалар үшін – 7-15 минут; мектепке дейінгі орта жастағы балалар үшін – 15-20 минут; мектепке дейінгі ересектер мен даярлық топтарындағы балалар үшін – 25-30 минутты құрайды. Мектепке дейінгі тәрбиеде әр жас тобында ұйымдастырылған оқу қызметі әр түрлі өтеді. Ерте жастағы топ (1 жастан 2 жасқа дейін) Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ерте жас тобында ұйымдастырылған оқу қызметі аптасына 7 сағат 7-10 минуттан өткізіледі [6].

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

-1 жастан 1 жас 6 айға дейін сергектену кезеңінің екінші жартысында;

-1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін таңғы және кешкі сергектену кезеңдерінде өткізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар Бағдарламада көрсетілген білімді игереді. Ойын түріндегі ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысатын балалардың саны олардың жастарына, іс-әрекеттің сипатына, мазмұнына байланысты. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнына негізгі қимыл түрлері: жүру, еңбектеу, лақтыру, домалату, кейбір ойын түріндегі жалпы дамытушы жаттығулар, қимылды ойындар және ойын жаттығулары (олардың көпшілігі заттармен және еліктеушілік сипатта болуы) енеді.

Бірінші кіші топта (2 жастан 3 жасқа дейін) ұйымдастырылған оқу қызметтері аптасына 9 сағатты құрайды, ұзақтығы 10-15 минуттан өткізіледі. Бала үш жаста барынша дербес болуына қарамастан аталған жас кезеңінде ол жалғыз өзі ұзақ ойнай алмайды. Сондықтан да сергектенудің әрбір кезеңіндегі балалардың дербес әрекеттері ұйымдастырған оқу қызметімен ауыстырылады.

Екінші кіші топ (3-тен 4 жасқа дейін) ұйымдастырылған оқу қызметі «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіріру арқылы іске асырылады. II кіші топтағы ұйымдастырылған оқу қызметі ұзақтығы 10-15 минуттан тұратын аптасына 12 сағатты (соның ішінде вариативтік компонент-1 сағат) құрайды.

Ортаңғы топ (4 жастан 5 жасқа дейін) осы топта табиғатқа экскурсияға дайындықты талап ететін ҰОҚ өткізіледі. Табиғатқа экскурсияға барғанда балалардың зейіндерінің тұрақсыздығы, олардың тез шаршайтыныны ескерілуі керек. Сондықтан экскурсия барысында бақылауды балалардың

практикалық әрекетімен, мысалы ойынмен (құммен, сумен), табиғи материалдарды жинаумен байланыстыру қажет. Балаларды табиғатпен таныстыру жұмысы ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс уақытта да, серуенде жүзеге асырылады [6].

Ересек топ (5 жастан 6 жасқа дейін) ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар бейнелерді орындау техникасын, өнер түрлеріне, өнер туындыларына талдау жасаудың бастапқы дағдыларын меңгереді, өнердің әртүрлерінің көркем мәнерлілік құралдарымен танысады. Жалпы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны базистік оқу жоспары бойынша өткізілетін оқу қызметінде түгелдей қамту көзделеді. ҰОҚ-тің ұйымдастырудың ерекшелігі оның құрылымында, мазмұнды балаларға жеткізудегі тәрбиешінің шеберлігінде және ұсыналытын тапсырмалардың жүйелі, бірізді, балаларға түсінікті болуында. Сондай-ақ, жаңа технологиялар мен қарапайым тәжірибе жасату арқылы балалардың танымдық бесенділігін арттырып, ойлайын, шығармашылығын дамытуға ықпал ете біл маңызды болмақ. Енді ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымын және өткізудің ерекшелігіне тоқтала кетейік.

Білім беру салалары: Қатынас білім беру саласы

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге үйрету, жануарлар мен жәндіктердің, өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін дамыту, табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және тіршілік ортасының маңызын түсінуге, аялап қарауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: табиғаттың суреттер жылдың төрт мезгілі, бейнетаспалар, интерактивті тақтаға қосатын материалдар, тыңдайтын музыкалар, түрлі -түсті қағаздар т.б.

Сөздік жұмыс: мамықтай, ұлпа, шөкім, шымшым.

Полилингвалдық компонент: табиғат-природа-nature, мезгіл-сезон-season, жаз-лето-summer, қыс-зима-winter, аққала-снеговик-snowman.

1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

- шаттық шеңбер:

Біз әдепті баламыз,

Жайнай берсін даламыз.

Табиғатпен дос болып,

Қамқорлықпен қараймыз

- *гажайып сәт немесе таңдану сәті:* (кейіпкер келеді)

- қарлы боранымен, сықырлаған аязымен қыс келді. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз, денемізді шындаймыз, жылы киінеміз. Сырғанақ ойнап, аққала жасаймыз. (Есікті тықылдатып, Аққала келеді)

- қараңдаршы балалар бүгін бізге қонаққа аққала келіпті. Аққала бізге құр келмепті, көптеген тапсырмалар ала келіпті.

- қане балалар олай болса аққаланың әкелген тапсырмаларын орындайық.

- *жаңа тақырыпқа бағыттау*: аққала балаларға тапсырмаларын түсіндіреді. Балалар мен орманда адасып келе жатыр едім, жерден бір қорап тауып алдым. Ашып қарасам ішінде тапсырмалар өте көп екен. Мен бұл тапсырмаларды орындай алмадым. Сендер көмектесе алатын шығар деп, тапсырмаларды сендерге алып келдім. Балалар тапсырмалардың шешімін бірге табайық.

2. *Негізгі кезең* (тапсырмаларды орындау)

1-тапсырма: қыс туралы тақпақ айту

2-тапсырма: суретке қарап, қыс мезгілін бейнелеп беру.

1. Аулаға қар үйгізді,

Бетті аязға сүйгізді.

Тоңбасын деп теректер

Қырау ішік кигізді.

2. Біз батыр баламыз,

Жылы үй-қорамыз.

Ақ ұлпа қарыңнан

Аққала саламыз.

Балалар 2-тапсырма бойынша сендерге, интерактивті тақтадағы қыс мезгілінің көрінісі туралы сипаттап, әңгімелеп бер деп айтыпты. Енді тақтадағы қыс көрінісіне қараңдаршы ал әңгімелеп айтып беріңдер. Ол үшін мұқият экранға қараймыз;

2. *Ұсынылған тапсырмаларды сұрақ жауап арқылы бекіту*. Балалар интерактивті тақтадан не көріп тұрсындар. Балалардың жауаптарын білгеннен кейін, ұсынылған суреттерді сұрақ-жауап арқылы бекіту;

-*Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»*

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз).

Балалардың сөйлеу тілін дамыту.

Балаларды дұрыс сөйлеуге және мезгіл өзгерістерін талқылауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

-*Қарапайым тәжірибе жасау*: Балалар қыстың ерекшелігі неде? Енді балалар қыстың ерекшелігі не екен, біз қыспен достасу үшін қарды зерттеп көрейікші. Қарды шелекпен әкелеп, үстелдің үстіне қоямыз. Әрбір баланың үстелінің үстіне, бір қасықтан параққа салып беру. Балалардан жасалған тәжірибені сұрау. Енді шелектен бір шөкім қар аламызда, жаңа параққа саламыз. Салыстырып көреміз, көп салынған қар тез еріді ма, әлде бір шөкім қар тез еріді ма? Көп салынған қардағы қағаздың беті толық су болды. Бір шөкім қардың беті аз су болды. Себебі ана қағазда қар көп, ал екінші қағазда қар аз. Енді шелектегі қардан, бір шымшым қарды алып, алақанымызға салып көреміз. Ал енді қараңдаршы балалар, қарда өзгеріс пайда болды ма?

Әрине, ол суға айналып еріп кетті. Неге ол суға айналып еріп кетті? Себебі адамның температурасы жылы болғандықтан, тез ереді. Енді балалар еріген суды аламызда ыдысқа құйып қоямыз.

-дәптермен жұмыс:

1-тапсырма: Шаңғы, шана, аққала, коньки сөздерін буынға бөліп жазу.

2-тапсырма: Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді, осы киімдердің ішінен әр мезгілде қиетін киімдерді тауып, дәптерге жазу.

Дидактикалық ойын: «Көңілді қыс және қысқы ойындар»

Мақсаты: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп, сөздік қорын байыту. Сұраққа нақты жауап беріп, сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету;

қыс мезгілі көрінісін сипаттап қызықтарын әңгімелеу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: Қыс суреттері, аққала, қағаз, қарлар, ойын суреттері.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға қыс мезгілінің суреттерін көрсетіп, әңгіме құрап берулерін сұрайды. Балалар сол суретке қарай отырып әңгіме құрайды.

Бой сергіту жаттығулары:

-Балалар ендеше орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық.

Атамның алып күрегін,

Ауланың қарын күредім.

Күнде әжеме құдықтан

Су әкеліп беремін. (Қимылмен көрсету)

3. Рефлексия.

1. Балалар өздерінің жасаған тапсырмаларына талдау жасайды. Өздерінің дұрыс жасамаған тапсырмаларына назар аударып, қате жерлерін түзетеді. Өзінің іс-әрекеттерін түсінеді. Жеткен жетістіктері болса қуанады.

2. Тәрбиеші өткен сабақты қортындылайды, балалардың сабаққа қалай қатысқандары туралы әңгімелеп береді. Жақсы қатысып және тапсырмалардың барлығын дұрыс орындаған балаларды жеке-жеке атап, мақтау.

3. Балалар сендер бүгін сабаққа өте жақсы қатысқандарың үшін, аққала сендерге әдемі ойыншақтар сонымен қатар тәттілер ала келіпті. Балаларды мадақтай отырып, әрбір балаға сыйлықтарын тарату.

Күтілетін нәтижелер:

Үйренеді: табиғатты аялап, қорғай білуді.

Түсінеді: табиғат әлеміне жақсы күтім жасап, таза ұстап жүруді.

Қолданады: табиғатқа қамқорлық жасауды.

Ойымызды қорытындылай келе, ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы баланың ақыл ойын кеңейтуге, шығармашылық қабілетін дамытуға, жан-жақты болуға тәрбиелеуге болады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымында көрсетіп кеткендей тапсырмаларды орындау барысында, ойын кезінде, дәптермен жұмыс жасағанда, тәжірибеде де балаларды осы ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы ойлау және сөйлеу қабілеттерін де дамытамыз. Себебі балаларға, мұндай тапсырмаларды орындау өте қызық

болғандықтан олар бар білгендерін айтып, білмегендерін үйренеді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты(2020 жыл)
2. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР БҒМ бұйрығы
4. М.Жұмабаев. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
5. Ф.Н.Жұмабекова, Мектепке дейінгі педагогика, Астана, Фолиант, 2014.
6. Әдістемелік нұсқаулық хат. Астана. 2016.

ӘОЖ 159.99

АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ - ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРҒА СИПАТТАМА

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, п.ғ.к Фатима Ниязбековна Жұмабекова, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының 2 курс студенті Альбина Омарова. Нур-Сұлтан. Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» – дейді өз сөзінде [1].

Абайдың асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз. Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы. Бүкіл қазақ пен түркі халқының санасына сіндіре алсақ, рухани жағынан мүлде жаңа жолға түсеміз. Тазарамыз. Пайданың емес, ардың жолына түсеміз. Ол біздің рухани қазынамыз және ол бізді аласапыран дүниеде адастырмай, дұрыс, тура жолға бастайтын, бірегей ілімі бар адам. Мұндай ілімі бар адам көп халықта жоқ, Еуропада да жоқ. Абай салған "толық адам" ілімі Тұран жерінде пайда болған. Абай жасаған "Толық адам" ілімі қазақ руханиятының паспорты саналатындықтан бұл келешекте ұлттық сананы жаңғыртатын, Қазақстанның моральдық кодексiнiң iргетасын қалайтын iлiм болып табылмақ – деп атап көрсетті мемлекет басшысы [1].

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың